

**Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасының «Махамбет
аудандық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы
коммуналық мемлекеттік кәсіпорынының
хаттамасы**

№3

Махамбет ауылы

26 қыркүйек 2025 жыл

Күн тәртібінде :

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру жолдары»
тақырыбындағы түсіндіру жұмысы.

Іс-шара барысында қаралған мәселелер:

1. Сыбайлас жемқорлықтың түсінігі, түрлері және қоғамға тигізетін зияны туралы ақпарат берілді.
2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет дегеніміз – адалдық, ашықтық, әділдік принциптеріне негізделген жеке тұлғаның мінез-құлқы екендігі түсіндірілді.
3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы сана мен мінез-құлықты қалыптастыру жолдары (заңды білу, өз құқығын қорғау, заңсыз әрекеттерден бас тарту) атап өтілді.
4. «Адалдық сағаты», «Ашық кабинет», «Сенім жәшігі» сияқты алдын алу шараларын ұйымдастыру ұсынылды.
5. Әр қызметкердің жеке жауапкершілігі мен ұжымдағы сенімді ахуалдың маңыздылығы айтылды.

Іс-шара нәтижесі:

- 30-тан астам қызметкер қамтылды;
- Қатысушыларға жадынама мен ақпараттық парақшалар таратылды;
- Сұрақ-жауап түрінде кері байланыс ұйымдастырылды.

Қорытынды:

Қатысушыларға сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруда белсенді болу, заңнаманы сақтау және кез келген құқық бұзушылыққа жол бермеу міндеттері жүктелді.

Жиналыс төрағасы :

С.Сандыбаев

Комплаенс офицері:

С.Галиева